

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы № 28/6-III " Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және Астана қаласының аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 11 наурыздағы N 440/59-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 18 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 672 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 166/21-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 20.07.2017 № 166/21-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 22-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.09.2015 № 413/57-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы № 28/6-III " Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және Астана қаласының аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылғы 5 мамырда № 326 болып тіркелген, 2004 жылғы 22 мамырдағы № 63-64 " Вечерняя Астана", 2004 жылғы 15 мамырдағы № 62-63 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және Астана қаласының аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидаларында:

10-тарауының атауы келесі редакцияда жазылсын:

"10. Қала аумағындағы жол төсемдерін, жаяу жүргіншілер жолдарын, гүлзарларды және басқа да объектілердің, қалалық шаруашылық элементтерінің

бұзылуына әкеліп соғуына және қала аумағын ашуға байланысты жұмыстарды жүргізу, инженерлік желілерді, құрылымдарды және коммуникацияларды күтіп ұстау тәртібі";

125-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Жол төсемдерінің, жаяу жүргіншілер жолдарын, гүлзарлардың және басқа қала аумақтарында шаруашылық жүргізу элементтерінің бұзылуына әкеліп соғуына және қала аумағын ашуға байланысты жұмыстарды (бұдан әрі-Жұмыстар) жүргізетін барлық заңды және жеке тұлғалар мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органынан жұмыстарды жүргізуге рұқсат алуға міндетті

Жұмыстар Астана қаласының аумағында құрылыс салу қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

10-тараудың 125-тармағы келесі мазмұндағы 125-1, 125-2, 125-3, 125-4 және 125-5 тармақтарымен толықтырылсын:

125-1. Рұқсатты алу үшін өтініш иесіне - рұқсат алушы тұлға (тапсырыс беруші немесе мердігерге, шартпен қарастырылған жағдайда) осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша өтінішті толтыру қажет.

125-2. Қала аумағын ашуға рұқсат осы Қағидалардың 2-қосымша нысанына сәйкес ресімделеді және осы Қағидалардың 1-қосымшасындағы нысан бойынша өтінішті және 2011 жылғы 3 наурыздағы 2011 жылғы № 432/58-IV Астана қаласының аумағында құрылыс салу Қағидаларында (нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 671 болып тіркелді) көрсетілген тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде беріледі.

125-3. Рұқсат алушы инженерлік желілердің қорғау аймағында жұмыс жүргізуге келісу барысында болжанған жұмысты бастағанға дейін үш жұмыс күнінен бұрын, тізілімі сәулет және қала құрылысы органында жобаларды немесе атқарушылық түсіруді келісу барысында анықталған инженерлік коммуникациялардың, ұйымдарының өкілдерін жұмыс орнына шақырады, олармен бірлесіп қолданыстағы желілердің және құрылымдардың нақты орналасқан жерін белгілеу және оларды толық сақтау бойынша шаралар қолданады.

Инженерлік коммуникациялардың пайдаланушы ұйымдары желілер мен құрылғылар болмаған жағдайда жазбаша ескертуі тиіс.

Пайдаланушы ұйымның немесе мүдделі тұлғаның өкілі аталған іс-шараларды өткізуді рұқсат алушының рұқсат алуға берілген өтінімінде өзінің қол қоюы арқылы растайды.

125-4. Қала аумағын ашуға берілген рұқсатта жұмыс жүргізу мерзімі, объективті негіздеме ұсынылу барысында ұзарту мерзімі, жұмыс жүргізу талаптары көрсетіледі.

125-5. Жұмыс жүргізу учаскесінде абаттандыруды қалпына келтіру рұқсатта көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

Учаскілерді қабылдау туралы ақпаратты рұқсатты алушы осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органына ұсынады".

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты сессиясының

төрағасы - хатшысы

В. Редкокашин

КЕЛІСІЛДІ

"Астана қаласының Сәулет және
қала құрылысы басқармасы" ММ
(СЖҚҚБ) бастығы
С. Жүнісов

"Астана қаласының
Құрылыс басқармасы" ММ
(ҚБ) бастығы
В. Лютов

Астана қаласы мәслихатының
2011 жылғы 11 наурыздағы
№ 440/59-IV шешіміне
1-қосымша

**Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау
басқармасына қала аумағын ашуға және абаттандыруға байланысты
жұмыстарды жүргізуге рұқсат алуға арналған
ӨТІНІШ**

(рұқсат қағазын алушы)

мекен-жайы _____ тел. _____

СТН _____ есеп шоты _____ банк _____

ФАМ _____

_____ жұмыс жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Жұмыс түрі, көлемі _____

Қазылған жапсардың түрі және алаңы _____

Көлік жолдары (ш.м) _____

Жаяу жүргіншілер жолы (ш.м) _____

Көгал алаңы (ш.м) _____

Жұмыс учаскесі _____
орналасқан

Жұмыс жүргізілгеннен кейін учаскені қалпына келтіруге кепілдік беріледі.

"Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және Астана қаласының аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидалары" және "Астана қаласын күтіп-ұстау және жасыл екпелерді қорғау ережелері" талаптарын сақтамаған жағдайда, қала шаруашылығына келтірілген зиянның орнын толтыруға кепілдік беріледі. Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы тарапынан ағымдағы бақылау жүргізу бойынша рұқсатта көрсетілген талаптарды орындауға келісемін.

Жұмыс басталғанға дейін коммуникациялардың өтуін анықтау бойынша жұмыс жүргізу орнына инженерлік желілер иелері шақырылды.

Жұмыс жүргізу мерзімі: _____

Басталуы _____

Аяқталуы _____

Тапсырыс беруші, мердігер туралы мәліметтер:

Мекен-жайы _____ тел _____

СТН _____ есеп-шот _____ банк _____

ФАМ _____

" ____ " _____ 20 ____ ж.

Жұмыс жүргізу рұқсатты беруді немесе бас тартуды сұраймын (керегін астын сызу қажет)

ұсынылған сенім хатқа сәйкес өкілге беру

поштамен жіберу

М.О. Баспы _____

Көшелерді жабуға, қозғалысты жартылай шектеуге, абаттандырылған аумақты ашу, инженерлік желілердің өту орны ауданында жұмыс жүргізуге келісімді келесі бетінен қараңыз

ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУГЕ КЕЛІСІМ (лауазымды тұлғаның мөрімен бекітіледі):

1. Жұмыс учаскесі Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бас маманымен тексерілді _____

" " _____ 20 жыл

2. Астана қаласы Ішкі істер департаментінің Жол полициясы басқармасы (көлік жолындағы жұмыстар барысында) _____

" " _____ 20

жыл

3. Астана қаласының Жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары басқармасы (көлік жолдарында жұмыс жүргізу барысында) _____

" " _____ 20

жыл

4. Аталған аумақ қарамағындағы пәтер иелерінің кооперативі, өндірістік кооперативі және заңды және жеке тұлғалар _____

_____ " " 20 _____
ЖЫЛ

5. Инженерлік желілер қарамағындағы кәсіпорындар:

5.1 "Астана-Аймақтық Электр Желілік компаниясы" АҚ _____
_____ " " 20 _____
ЖЫЛ

5.2. "Астанателеком" ҚТО _____ " " 20 _____
ЖЫЛ

_____ " " 20 _____
ЖЫЛ

5.3. _____

_____ " " 20 _____
ЖЫЛ

5.4. _____

_____ " " 20 _____
ЖЫЛ

5.5. _____

_____ " " 20 _____
ЖЫЛ

Өтінімді Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау
басқармасының бас маманы берді _____ " " 20 _____ жыл

Өтінімді Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау
басқармасының бас маманы қабылдады _____ " " 20 _____

ЖЫЛ
Рұқсат қағазы келесі себептермен берілмеді: _____

№ 440/59-IV шешіміне

2-қосымша

"Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы" ММ

ҚАЛА АУМАҒЫН АШУҒА БЕРІЛГЕН РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ № _____

(рұқсат қағазын алушы)

жұмыс жүргізуге рұқсат етіледі _____

учаскеде

"Құрылыс салу қағидалары"

"Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және

Астана қаласының аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидалары",
"Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау тәртіптері" талаптарын орындаумен және Сәулет және қала құрылысы басқармасымен келісілген жоба бойынша жабық тәсілмен (тесумен) немесе траншея қазумен жүргізіледі.

Жұмыстар мына жағдайларды орындаумен жүргізіледі:

Осы рұқсат қағазын және жобаны жұмыс орнында әрқашан ұстау қажет.
Рұқсат қағазда айтылған шарттармен, к е л і с е м і н.

Рұқсат қағазды алушы (өкілі)

Қолы _____ " _____ " _____ 20____ ж.

Рұқсат қағазды алушының мекен-жайы _____ тел. _____

Жұмыс жүргізуге рұқсат етілді 20 ____ ж. _____ бастап

20 ____ ж. _____ аралығында

Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау

басқармасының бастығы _____

Рұқсат қағазды берген _____

Рұқсат қағазды ресімдеген _____

" _____ " _____ 20 _____ ж.

қию сызығы

Астана қаласы мәслихатының
2011 жылғы 11 наурыздағы
№ 440/59-IV шешіміне
3-қосымша

№ _____ рұқсат қағазына

ҚАЙТАРУ ТАЛОНЫ

Жұмысты жүргізу мерзімі

20 _____ ж. _____ бастап 20 _____ ж. _____ аралығында

Учаске қалпына келтірілді және қабылданды:

(аудан әкімдігінің уәкілетті өкілі: Алматы, Сарыарқа, Есіл (керегін астын сызыңыз)

(Көшенің көлік жүру бөлігіндегі жұмыс барысында – Астана қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының уәкілетті өкілі)

Қайтару талоны Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бас маманымен қабылданды _____

Қолы _____ " " _____ 20 ж.

Қайтару талоны қысқы абаттандыруды уақытша қалпына келтіру арқылы Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бас маманымен қабылданды _____

Қолы _____ " " _____ 20 ж.

Жазба мөрмен расталады. Талон Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының рұқсат қағаз беру бөліміне бақылаудан алу және алынған рұқсат қағазын жабу үшін тапсырылады. Учаскені қалпына келтіру жылдың суық мерзімінде орындалған жағдайда, 20 ж 1 мамырға дейін бұзылған абаттандыруды толық қалпына келтіру қажет және аумақ иелерімен учаске қабылданғаннан кейін ғана қайтару талоны Астана қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау

басқармасының бөліміне тапсырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК